

**E. Рақым, 2-курс**

**Fылыми жетекшісі: Т. Құлтаев, философия және әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасының бастығы, тарих ғылымдарының кандидаты**

**(КР IIM Алматы академиясы)**

## **ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК — БІРІНШІ БАСЫМДЫҚ**

Откен жылы республикамыз дүниежүзілік қауымдастықтың құрамына терезесі тен, дербес тәуелсіз ел болып қосылуының жиырма жылдығын атап етті. Осы кішігірім аз уақыт ішінде еліміз сан алуан позитивті тарихи өзгерістердің қуәсі болып, халықаралық дәрежеде ауыз толтырып айтуға болатын көптеген жетістіктерге жетті. Енді мемлекетімізге сол табыстарды сақтап қалудың, ал реті келсе молайтудың жолдарын іздестіруі керек. Ондай бағыттарлардың табылатынына ешқандай күмән да жоқ. Ел азаматтарының өз Отанының көркейе түсіү үшін аянбай еңбек ететіні сөзсіз. Тек сол иғі істерді жоспарлау және атқару барысында ұлттық қауіпсіздік мәселесін ұмытпағанымыз, оларды ұлттық мұдденің сақталуы тұрғысынан қарастырғанымыз жән.

Жалпы алғанда, ұлттық қауіпсіздік дегеніміз — жеке адам мен қоғамның ұтымды қызмет жасауын қамтамасыз ету үшін қажетті шарттар тудыруды көздейтін, әлеуметтік институттар жағдайын бағалайтын саясаттану ғылымының категориясы болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік мазмұны жағынан түрлі тармақтар мен құрылымдық элементтерден

тұрады. Оған: саяси, әлеуметтік-экономикалық, әскери, экологиялық, информациалық, ұлттың мәдени дамуы т.б. қауіпсіздіктер жатады.

Саяси қауіпсіздіктің мәні ішкі — сыртқы саясатты қоғам мен жеке адам мүддесін қорғай отырып, ұлт және оны құрайтын мемлекеттік институттардың мемлекет құрылымы мәселесін дербес шешіп, оны дұрыс жүргізе алуында болып табылады. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі болып табылатын халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына қатысады. Қазақстан Республикасында әрбір бес жыл сайын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған стратегиялар жасалады<sup>1</sup>.

Қайбер елдің болмасын ұлттық қауіпсіздік мәселесінде сыртқы қауіптен бұрын ел ішіндегі қалыпты жағдайды сактауга көбірек көңіл бөлінетіні белгілі. Мемлекеттің ішкі жағдайы туралы сөз еткенде, бірінші кезекте, оның әлеуметтік қауіпсіздігі туралы айтқан жөн. Ол өз кезегінде «әлеуметтік саясат», «әлеуметтік қорғау», «әлеуметтік дағдарыс», «әлеуметтік даму» деген сөз тіркестерімен айшақталады.

Қазақстанда бүкіл постсоветтік кеңістіктердегі этносаралық қарым-қатынастарға үлкен көңіл бөлінеді. Қазақстанда этношиеленістер (этноконфлікттер) оқтын - сқтын бой көрсетіп қалады.

Болашақта Қазақстанда этнос түсінігі негізінде қақтығыстарды болдырмау мақсатымен келесідей практикалық ұсынымдар жасамақпыз:

1. Парламенттің республика тұрғындарының құқықтық санасын көтеруге бағытталған заң актілерін ұдайы дайындаштырып отырса;

2. Үкіметтің шетел инвесторларымен келісім шарттарына қол қоярда бірінші кезекте жергілікті тұрғындардың мүддесін ескеріп отырса, дұрыс болар еді;

3. Бүгінгі қалыптасқан жағдайда ұлттық келісім қағидаларының сақталып отырылуы ең басты шарт болып табылады.

Келесі айттар дүние «Бізде лаңкестік жоқ, біз бейбіт өмір сүріп жатқан, атыс-шабысты білмейтін елміз!» — деген ұрансөзді ендігі жерде ауызға алушың реті жоқ шығар. Елдің кез алдында өткен ірі-ірі оқиғалардың өзі-ақ, тәртіп сақшылары тұрмак, кез келген тосын оқиғаларға дайын тұруы тиіс арнағы жасақтардың ештеңеге әзір еместігін дәлелдеп берді. Мысалы, Р. Ишимбетовтың бандасын құрықтау кезде 11 «Сұнқарлық» қызметкер жарақат алды<sup>2</sup>.

Осы орайда, Елбасымыз Н. Назарбаевтың үстіміздегі жылдың 14 қарашасында Ақордада өткен Діни экстремизммен және терроризммен күрес мәселелері жөніндегі кеңесте: «Қазақстанға қарсы жасалған терроризмді ымырасыз басып-жашшуға мемлекеттің мүмкіндігі жетерлік. Мемлекеттің қолында құш те, қуатта, жігер де бар. Біз лаңкестікті тубірімен жоқ қыламыз. Мен сондай-ақ барлық қазақстандықтарды қырағылыққа шақыраман. Егер лаңкестікке қатысты деректер байқылатын болса, оны дереу тиісті құқық қорғау органдарына хабарлау қажет. Біз деректерді анықтап, барлық бағыттар бойынша жұмысты қүштейтеміз», — деп айтқан сөзі ендігі уақытта бұл салада көптеген шаралардың іске асатынын айғақтайтын болуы керектігін баса айта кеткеніміз жөн.

Қорыта айтсақ, бізде ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы негізінде заң шығарушы және атқарушы органдардың, құқықтық нормалардың жиынтығын құрайтын қоғам және адамның өмір сүруі мен дамуы үшін қолайлы жағдай қалыптастыратын ұлттық қауіпсіздік жүйесі құрылуы тиіс. Бұл күндері қоғамтанушы ғалымдар осы тұжырымды жан-жақты зерделеп теориялық жағынан негізден берді деп айтуда әбден болатын сияқты. Ал, енді теориялық негіздеудің аты — теориялық негіздеу, оны практикалық түрде жүзеге асыру — бүкіл халықтың, қоғамның ісі болып табылады.

<sup>1</sup> Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 т. — Алматы, 2007. — 30-6.

<sup>2</sup> Заң газеті. 2011. 11 қараша.